

Ұ.М. Есенбекова\* , А.А. Сыздықова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: ultmudde@mail.ru

## ЖАҢА КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ОРТАДА ЖАСТАРДЫҢ ОҚУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЗГЕРУІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада жастардың кітап оқу мәдениетіндегі өзгерістер мен қазіргі коммуникациялық ортадағы қазақ тілінің қолданыс ерекшеліктері талданған. Зерттеу жұмысында технологиялық жаңарудың әсерінен жастардың оқу дағдыларының өзгеруі, олардың дәстүрлі баспа, телевизия мен радио түріндегі бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда цифрлық форматтағы контентке басымдық беруі сарапталды.

Медиа-орта үнемі өзгеріп, тілдің лексикалық байлығына жаңа тенденциялар әсер ететіндіктен, бұл мақала жастардың қазақ тілін қолданудағы ерекшеліктерін жан-жақты талдауға арналды. Мақалада әлеуметтік медиа, цифрлық платформалар мен мобильді қосымшалар жастардың кітап оқуға деген ынтасы мен ақпаратпен қарым-қатынасын қалай өзгерткені көрсетіледі. Сонымен бірге, жаңа коммуникациялық технологияларға бейімделе бастаған жас ұрпақтың лингвистикалық мұраны сақтау жөніндегі көзқарасы анықталып, цифрлық медиадағы қазақ тілінің рөлі қарастырылды.

Арнайы жүргізілген әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне сүйенген авторлар жастардың кітап оқуға деген, оқитын кітаптарының мазмұнына байланысты өзгерістерді технологиялық дәуірдегі басты тенденциялармен байланыстыра отырып анықтады. Қазақ тілінің жаңа медиа-ортадағы қолданыс ауқымы да соңғы онжылдықта жылдам өзгерген медиа ландшафт пен Қазақстандағы тіл мен цифрлық медиа арасындағы өзара белсенді әрекеттестіктерге тәуелді екені тұжырымдалды.

Бұл зерттеудің мақсаты – ғаламдық ақпарат кеңістігіндегі процестердің қазақ жастарының оқу мәдениеті мен тілді қолдануына ерекше ықпалы туралы жан-жақты түсінік беру болды. Негізгі қорытындылар жастар арасындағы цифрлық форматтағы оқуға айтарлықтай бетбұрысты және қазақ тілінің заманауи коммуникациялық платформаларға интеграциялануын қолдайтын стратегиялар қабылдаудың қажеттілігін көрсетті.

Зерттеудің қорытынды тұжырымдарында технологиялық дамудың ықпалымен жастардың кітап оқу мәдениеті төмендегені, қазақша кітап оқитын жастардың үлесі орысша кітапты таңдайтын жастардың санынан аз екені дәлелденді. Авторлар жастарға қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттің жетіспеушілігін шешу жолдарын да ұсынды.

**Түйін сөздер:** жаңа дәуір, оқу мәдениеті, медиа тілі, жастар, кітап оқу, цифрлық коммуникация.

U.M. Yessenbekova\*, A.A. Syzdykova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

\*e-mail: ultmudde@mail.ru

### Changes in the Reading Culture of Young People and Features of Kazakh Language Usage in the New Communication Environment

The article examines changes in the reading culture of young people and the features of using the Kazakh language in the modern communication environment. The study analyzes changes in young people's reading habits resulting from technological innovation and their preference for digital content over traditional media such as print, television and radio.

In the context of a constantly changing media environment and the influence of new trends on the lexical richness of the language, the article provides a comprehensive analysis of the features of the use of the Kazakh language by young people. It reveals how social networks, digital platforms and mobile applications have transformed the way young people read and interact with information. The study also considers the attitude of the younger generation, who are adapting to new communication technologies, towards the preservation of linguistic heritage, as well as the role of the Kazakh language in digital media.

Based on a specially conducted social study, the authors identified the main trends related to the

Based on a specially conducted social study, the authors identified the main trends related to the themes and content of books preferred by young people, and their connection with the technological era. The study's key findings showed that the degree of use of the Kazakh language in the new media environment depends on the rapidly changing media landscape and the interaction of the language with digital media in Kazakhstan.

The purpose of this study is to provide a comprehensive understanding of the influence of processes in the global information space on the culture of reading and language use among Kazakh youth. Key findings indicate a significant shift among young people towards digital reading and highlight the need for strategies that support the integration of the Kazakh language into modern communication platforms.

The final conclusions of the study state that, under the influence of technological advancements, the reading culture of young people has declined, and the proportion of young people reading books in Kazakh is smaller compared to those preferring to read in Russian. The authors also developed recommendations to address the lack of scientific literature in the Kazakh language.

**Key words:** new era, reading culture, media language, youth, book reading, digital communication.

Ү.М. Есенбекова\*, А.А. Сыздыкова

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Казахстан, г. Астана

\*e-mail: ultmudde@mail.ru

### Изменения культуры чтения молодежи и особенности использования казахского языка в новой коммуникационной среде

В данной статье рассматриваются изменения культуры чтения молодежи и особенности использования казахского языка в современной коммуникационной среде. Исследование анализирует изменения в привычках чтения молодых людей под влиянием технологических инноваций и их предпочтение цифровому контенту по сравнению с традиционными средствами массовой информации, такими как печать, телевидение и радио.

В условиях постоянно меняющейся медиасреды и влияния новых тенденций на лексическое богатство языка, статья посвящена комплексному анализу особенностей использования казахского языка молодежью. В статье выявляется, как социальные сети, цифровые платформы и мобильные приложения изменили формы чтения и взаимодействия молодых людей с информацией. Рассматривается отношение молодого поколения, адаптирующегося к новым коммуникационным технологиям, к сохранению языкового наследия, а также роль казахского языка в цифровых медиа.

На основе специально проведенного социального исследования авторы определили основные тенденции, связанные с тематикой и содержанием книг, предпочитаемых молодежью, и их связь с технологической эпохой. Основные результаты исследования показали, что степень использования казахского языка в новой медиасреде зависит от быстро меняющегося медиаландшафта и взаимодействия языка с цифровыми медиа в Казахстане.

Цель данного исследования – обеспечить всестороннее понимание влияния процессов в глобальном информационном пространстве на культуру чтения и использование языка казахской молодежью. Основные результаты показали значительный переход молодежи к цифровому формату чтения и необходимость стратегий, поддерживающих интеграцию казахского языка в современные коммуникационные платформы.

В итоговых выводах исследования констатируется, что под влиянием технологического давления культура чтения молодежи снизилась, и доля молодых людей, читающих книги на казахском языке, становится меньше по сравнению с теми, кто предпочитает чтение на русском языке. Авторы также разработали рекомендации по решению проблем нехватки научной литературы на казахском языке.

**Ключевые слова:** новая эпоха, культура чтения, язык медиа, молодежь, чтение книг, цифровая коммуникация.

### Кіріспе

Жаңа медиатеchnологиялардың қарқынды дамуы цифрлық дәуірде коммуникацияда төңкеріс жасады. Әлеуметтік медианың, жылдам хабар алмасу формаларының және онлайн платформалардың пайда болуымен тілді қолдану айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Ұзақ трансформациялар кезеңіндегі тілдің өзгеруін түсіну үшін тарихи контексті зерттеу өте маңызды. XX-шы ғасырдың аяғында интернеттің пайда болуы және одан кейін Facebook, Twitter және Instagram сияқты әлеуметтік медиа платформалардың таралуы адамдардың қарым-қатынас тәсілін қалыптастыруда шешуші рөл атқара бастады. Жаһандық аудиториямен өзара

әрекеттесу мүмкіндігі тілдің қолданылуына қаты әсер етті. Жаңа медиа платформалар бірегей лингвистикалық бейімделулерді тудырды. Хэштегтер, мемдер және эмодзилер сияқты мүмкіндіктер пайдаланушыларға күрделі эмоциялар мен идеяларды қысқаша жеткізетін цифрлық тілдің ажырамас бөліктеріне айналды.

Технологиялық ғасырдағы тілдің өзгеруі зерттеу қарым-қатынас стильдерінің қалай дамып жатқанын да анықтайды және коммуникациялық технологиялар тілдің өзгеруіне айрықша ықпал етіп, оның лексикалық байлығына кері әсер етуде. Бейресми цифрлық тілдің басым болуына байланысты дәстүрлі грамматика мен емленің ықтимал эрозиясы да аландаушылық білдіреді. Жаңа медианың осындай жағымсыз аспектілерді ілгерілетудегі рөлін зерттеу, жалған ақпараттың, өшпенділік сөздерінің және уытты коммуникацияның жылдам таралуы – қазақ тіл білімі мен коммуникация саласы назар аударуға тиісті, жаңа цифрлық дәуірде қазақ ұлтының бірегейлігін сақтау үшін күрделі проблемаға айналды. Өйткені бүгінде медиа мен коммуникация саласы адам өмірінде үлкен маңызға ие болып, мемлекеттік саясатта ең құнды басымдық деп қаралауда.

Қазақ тілінің жаңа медиа-ортада өзгеру заңдылықтарын табу – күрделі және динамикалық зерттеулерді қажет етеді. Тарихи контекст, лингвистикалық бейімделулер, әлеуметтік лингвистикалық перспективалар, қарым-қатынас стильдері және олармен байланысты мәселелердің барлығы цифрлық дәуірде тілдің дамуына айтарлықтай қысым жасауда.

Бұл зерттеу мақаласында жаңа медианың жылдам әрі үнемі өзгертін құбылмалы әлемінде тілдің қалай түрленетіні мен бейімделетіні туралы құнды тұжырымдар жасауға деген әрекет жасалды. Мақаланың мазмұны келесідей құрылымдардан тұрады. Кіріспе бөлімінен кейін қазақ тілінің қолдану мәселелерінің жалпы контексті көрсетілген. Одан кейін зерттеу методологиясы таныстырылған, оның логикалық жалғасы ретінде нәтижелер мен талқылаулар көрсетілген. Қорытынды бөлімде зерттеудің басты нәтижелері мен жасалған тұжырымдар, болашақ зерттеулердің бағыттары мен ескерілетін шектеулер көрсетілген.

### Тілдік контекст

Қазақ ұлтының өз ұлттық кодын сақтау мәселесі тек ХХІ ғасырда емес, бірнеше ғасыр бойы өзекті болып келе жатқан мәселе. Қа-

зақ халқының этнос ретінде қалыптасу тарихы 40 ғасырды құрайды және Қазақстан территориясында палеолит дәуірінен бері өмір сүрген барлық қауымдастықтар шаруашылық және этномәдени тұрғыдан тұтас әрі біркелкі дамып, жергілікті тайпалардың, ал одан соң қазақ этносының құрылуына фундаменталды негіз қалаған. Мұны тек археологиялық зерттеулер ғана емес, антропологиялық зерттеулер де көрсетеді (Ысмағұлов, 2019; Мұстафина, 1992).

Дегенмен, «қазақ» атауындағы этностың қалыптасып, жеке Қазақ хандығын құру уақыты 1465 жылмен белгіленген. Сол уақыттан бері қазақ этносының 40 ғасыр бойы қалыптасуына алып келген алғышарттары жалғасын тауып, этностың бірегей өз ұлттық коды – тілі, мәдениеті, әдет-ғұрыптары, дүниетанымы дамиды (Сәрсембаев, 2015). Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі Қазақ хандығының ХVIII-XIX ғасырларда Ресей империясына қосылуынан бастау алады. Сол уақыттан бері бүгінге дейін Қазақстан территориясында қазақ тілімен қатар орыс тілі қатар қолданысқа ие, ал қазақ тілінің қолданылу өрісін кеңейту Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең басты мақсаттарының бірі деп танылып, ұлттық ғылыми қауым өкілдері, тұтастай қазақ қоғамы мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілінің миноритарлы тілге айналу қаупінің алдын алуға шақыруда (Ахметжанова, 2010; Уәлиұлы, 2009).

Қазіргі қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып бекітілді, ал орыс тіліне этносаралық қарым-қатынаста қолданылатын ресми тіл мәртебесі берілді. Қазақстандықтардың басым бөлігінің билингвалды екендігін көптеген зерттеулер дәлелдеп берді. Алайда, Евдокимовтың ойынша, Орталық Азияда орыс тілі рөлінің төмендеу тенденциясы мен аймаққа қатысты сыртқы тілдерді – қытай, ағылшын және түрік тілдерін үйренушілер санының артуы және сыртқы ойыншылардың ықпалының артуы байқалады (2020). Медиа кеңістіктің жаһандануы әсерінен қолданысқа ағылшын тілі белсенді түрде еніп жатыр, сондықтан мультилингвалды азаматтар санының көбеюі жақын болашақта анық байқалатын болады. Мысалы, Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы деректеріне сәйкес, 5 жастан асқан халықтың 44,9%-ы екі тілде, тағы 28,6%-ы үш тілде сөйлейді. Санақ қорытындысы бойынша Қазақстан тұрғындарының 1,7%-ы 4 тілде сөйлейді, 5 тілді халықтың 0,2%-ы біледі. 6 тілді білетін полиглоттардың үлесі 0,1% немесе 8 845 адамды құраған. Жасы бойынша ағылшын тілін білетіндердің үлесі 10-

14 жас және 25-29 жас аралығында, яғни біздің зерттеудің іріктемесіне енетін жастар санатына осы демографиялық топ кіреді.

Қазақстан Президенті Қ.-Ж.Тоқаев өзінің 2024 жылдың 25 сәуірінде сөйлеген сөзінде қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тіліне айналатынына сенетінін айтты. Бүгінгі жастардың күнделікті қарым-қатынаста қай тілді көбірек қолданатынын анықтау қазақ ұлтының болашақ дамуын айқындайтын басты факторлардың маңыздысын болжауға мүмкіндік береді. Бұл мәселеге кедергі келтіріп отырған себептердің бірі – қазақ тілінің бизнес қауымдастық пен қаржы-экономикалық, технологиялық салаларда кең қолданысқа ие болмауы. Сондықтан жұмыста, оқу орындарында және іскерлік коммуникацияда мемлекеттік тілдің орнына орыс тілін қолдану тартымдылығы жоғары болып қалуда (Shynubekova, 2015; Aisultanova, 2015).

Бұл да ғылым мен білім, тіл, мәдениет және ақпарат салаларына жауапты мемлекеттік органдардың күнделікті назарда ұстауға тиіс әрі қоғамның белсенді көмегін қажет ететін проблемалардың қатарындағы маңызды бағыт. Біздің зерттеу еңбегіміз де осы мазмұндағы ғылыми зерттеулерге серпін беретін жаңашыл ізденістердің қатарынан орын алатын жұмыс болады деп сенеміз.

### Библиографиялық шолу

Адамзаттың ғылыми-технологиялық жетістіктері жаһандану үрдістерін бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен жеделдетіп, ғаламдық коммуникацияның жаңа формаларын туғызды. Жаңа медиа платформалардың жетілуі жеке адамдардың қарым-қатынасында, ақпаратты тұтынуында және кітап оқуында елеулі өзгерістерге әкелді. Осы орайда мемлекеттер арасындағы өзара экономикалық және саяси тәуелділік пен қарым-қатынастың үздіксіз өсуі мен кеңеюі ағылшын тілінің маңызын күшейтті (Тао, 2019).

Бұл процесті сипаттайтын америкалық саясаттанушы, Джон Кеннеди атындағы Гарвард мемлекеттік басқару институтының профессоры Джозеф Най енгізген «жұмсақ күш» термині қазіргі таңда дамыған мемлекеттердің тілдік, мәдени, саяси ықпалының нативті түрде жүзеге асуын білдіреді. 1990 жылдардың басында профессор Най «soft power» ұғымын Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі Америка Құрама Штаттарының «әлем экономикасында үстемдікке жету мақсатын айқындаған жаңа бағдары» деген көзқарас білдірген еді (Nye, 1990).

Қазіргі таңда бұл ұғымның көрінісін тек АҚШ-та ғана емес, Ұлыбритания (Pamment, 2016; Nisbett, 2016), Германия (Grix, 2014; Quitzow et al. 2022), Қытай (Chen, 2009; Shambaugh, 2015), Корея (Lee, 2009) мен Жапония (Nakano, 2020; Iwabuchi, 2015) сияқты дамыған елдердің ұстанып отырған саясатынан да көрінеді.

Жалпы әлемде жүріп жатқан интеграциялану процесінен дүниежүзілік қауымдастықпен қарым-қатынас орнату мен көпбағдарлы сыртқы саясатты іске асырып жатқан Қазақстан да шетте қала алмайды. Аталған мемлекеттерден басқа Қазақстанға түркітілдес елдердің ішінде Түркияның (Сафонкина, 2014; Плотников, 2016), Кеңес Одағында жетекші рөл атқарған Ресейдің де (Торкунов, 2012; Шестопал, 2018) ортақ тарихқа, рухани туыстыққа негізделген саяси, мәдени ықпалдары айтарлықтай салмақты. Тао мұндай жаһанданудың артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар екенін меңзеп, мысалға ағылшын тілінің жалпы коммуникативті кодқа айналып, көптеген ұлттық тілдердің қолданылуының төмендеуіне әкеліп жатқанын айтады. Мұндай тенденция өз кезегінде мәдени әртүрліліктің эрозиясына, жергілікті дәстүрлер, тілдер мен құндылықтардың жаһандық мәдениеттің ықпалы күшейген сайын маргиналдану немесе ұмытылу қаупіне әкелуі мүмкін (Тао, 2019; Wahida et al., 2023; Mutavi, 2023). Тұтастай алғанда, жаһандану процестерінің мәдениеттердің өрісін тарылту әлеуеті мәдени әртүрлілік пен ұлттық құндылықтарды, рухани мұраны сақтау үшін ұлттық мәдениеттерді қорғап, насихаттаудың маңыздылығын көрсетеді (Olko et al. 2016; Rakhymbayeva, 2022; Ахметжанова, 2010).

Ғаламтор мен әлеуметтік желілер жаһандану процесінің үдеуіне айтарлықтай әсер етіп, мәдени, тілдік шекараларды жоюда (Borcuch, 2014; Al-Rfouh, 2017; Nisar, 2021), әсіресе мұны қазақстандықтардың әлеуметтік желілерді қолдану көрсеткіштерінен көреміз. Datareportal халықаралық сервисінің 2024 жылғы есебіне сәйкес, Қазақстанда TikTok желісін белсенді қолданушылар саны барлық интернет пайдаланушыларының 77,5% (14,1 миллион адам) құрайды екен. Бұл көрсеткіш Қазақстандағы басқа әлеуметтік желі қолданушыларының санына тең. Екінші орынды Instagram – 66,5% (12,1 миллион) және үшінші орынды Facebook – 14,3% (2,6 миллион) қолданушыларымен иеленген. Ал әлеуметтік желілерге трафикті жіберетін қолданысқа ие ең танымал платформалар – Pinterest және YouTube. Жастар теледидар орнына әлеуметтік желілер мен телебағдарламалардың онлайн нұсқасын

YouTube платформасынан көреді. Сонымен қатар, ойын-сауық мазмұнындағы TikTok (Wang, 2020) қолданушылары саны бойынша барша қазақстандық аудиторияны қамтыса, ғылыми бағытта оқитын ересек аудитория (студенттер, магистранттар мен докторанттар) Instagram мен Facebook-ке басымдық береді (Yessenbekova, 2024). Дегенмен жастардың ғаламтор мен әлеуметтік желілердегі қазақ тіліне деген көзқарасы әлі де толық зерттеле қойған жоқ.

Осы жайттардың барлығын ескере отыра, жастардың жаңа медиа-орта жағдайында қазақ тілінің қолдану деңгейін, кітап оқу әдеттерін зерттеу ұлттық идеологияны дамыту мен қазақ тілінің өрісін кеңейтуге көмектесе алады. Қазақстанның көпэтносты ел болуы жастардың басым көпшілігінің билингвалды немесе мультилингвалды болуына әкелді. Цифрлық медиа қазақ қоғамында барған сайын кең ауқымын кеңейтіп келе жатқандықтан, бұл өзгерістер жас ұрпақтың тілді қолдануы мен оқу тәжірибесіне қалай әсер ететінін түсіну мақала авторларына өте маңызды мәселе болып саналады (Джилкишиева, 2012).

Бұл мақалада медиа-кеңістікте қазақстандық жастар қай тілді қолданғанды ыңғайлы санайды және ол қандай себептерге байланысты, жастарға қазақтілді медиа контенттің қай түрі жетіспейді және цифрлық медиа-орта жас азаматтардың кітап оқу әдеттеріне қалай әсер етеді деген мәселелер зерттелді. Бұған дейін бұл тақырыпта Қазақстанда ауқымды зерттеу жұмыстары жүргізілмеген, сондықтан осы зерттеуге қатысқан 1570 жас азаматтың қазақ тіліне деген көзқарастары жинақталып, талдануы бұл бағыттағы отандық зерттеулерге пайдалы болады деп ойлаймыз.

### Зерттеу әдістері

Зерттеуде тілді қолдану заңдылықтарын өлшеу және бағалау үшін сандық зерттеу әдісі қолданылған. Бұл әдіс жастардың тілді қолдану жиілігі мен тенденциялары туралы сандық деректер алуға тиімді саналады. Уақыт өте келе авторлардың басқа да зерттеулерімен салыстыра отырып, заңдылықтар мен өзгерістерді анықтауға пайдалы болады деп таңдалды. Сонымен қатар сандық әдістер жастардың тілді қолдануы мен демография, әлеуметтік медианы пайдалану немесе оқу үлгерімі сияқты басқа айнымалылар арасындағы статистикалық қатынастарды ашуға, корреляциялар мен қатынастарды анықтауға көмектеседі (Haddock, 2022; Reem, 2022). Сонымен қатар сандық зерттеулер кішірек, репрезен-

тативті емес үлгілері бар сапалы зерттеулермен салыстырғанда нәтижелерді жалпылауға мүмкіндігін береді (Schmeichel, 2018).

Сандық әдісті таңдаудың тағы бір себебі – бұған дейінгі қазақ ғалымдарының осы тақырыпқа ұқсас еңбектерінде көбінесе сапалық зерттеулер жүргізілді. Мысалы, Ауғанбаева, Дәулетова, Әбдіжаппар компьютерлік технологиялардың жастардың сөздік қорына сленгтердің ену әсерін (Ауғанбаева, 2024; Дәулетова, 2023; Әбдіжаппар, 2021), ал Алишариева әлеуметтік тілдік желілердің социолингвистикалық талдауын жүргізіп, орыс тілінің интернет пен теледидардың әсерінен әлі де қазақ тілімен тең қолданылып жатқанын анықтаған (Алишариева, 2014).

Бұл зерттеудің методикалық негізін мектеп оқушылары, студенттер, магистранттар, докторанттар арасында жүргізген әлеуметтік сауалнама құрайды. Әлеуметтік зерттеу 2024 жылдың ақпан-сәуір аралығында Google Forms платформасында жүргізілді. Сауалнама сұрақтары кәсіби әлеуметтанушылардың қатысуымен құрастырылып, жауаптары анонимдік қағидаларын сақтай отыра онлайн форматта Google Forms қосымшасы арқылы жиналды. Сауалнамаға 14-35 жас аралығындағы Қазақстанның барлық өңірлерінен 1570 адам қатысты. Мектеп оқушылары ата-аналарының ауызша келісімімен сұрақтарға анонимді түрде жауап берді. Сауалнама нәтижелері SPSS статистикалық талдау бағдарламасымен талданды.

### Нәтижелер мен талқылау

Бұл мақаланың басты мақсаты – түбегейлі өзгерістерге ұшыраған цифрлық ақпараттық кеңістіктегі қазақ тілінің қолданылу ерекшеліктерін, медиа-ортадағы өзгерістерін зерттеу. **Зерттеудің гипотезасына сәйкес**, қазақ жастарының арасында кітап оқудың азаю себептеріне ақпараттық технологиялар қалыптастырған **цифрлық мәдениет** әсер етуде. Сондықтан арнайы жүргізілген әлеуметтік зерттеудің **міндеттерін** жастардың цифрлық коммуникацияда басым түрде қолданатын тілін анықтау; цифрлық мәдениеттің жастардың кітап оқу дағдыларының әсерін анықтау; жастардың қазақтілді медиаконтентке көзқарасын түсіну; жастардың медиаконтент таңдауына байланысты мемлекеттік ақпараттық саясатты дамытудағы жаңа бағыттарды анықтау деп белгіленді.


Арнайы ұйымдастырылған сауалнамаға қатысушы респонденттердің әлеуметтік-

демографиялық сипатты мынандай болды. Сауалнамаға қатысқан 1570 жастың 99,3%-ы Қазақстан азаматтары болды, ал 0,7%-ы Қазақстанда тұрып, оқып жатқан басқа елдердің азаматтары. Сонымен қатар респонденттердің 32,6%-ын ер адамдар және 67,4 %-ын әйел адамдар құрады.


Жауап берушілердің 54,5%-ы 14-18 жасындағы жасөспірімдер, 25,3%-ы 18-22 жас аралығындағы жастар және 23-28, 29-35 жас шамала-

рындағы азаматтардың үлесі сәйкесінше 8,7% және 11,5%-ды құрады. Олар мына жиынтық кестеде көрсетілген:

Жоба аясындағы зерттеу міндеттеріне сәйкес респонденттердің 14,4%-ы мектеп оқушылары, 62,4%-ы колледж студенттері және 20,9%-ы университет студенттері, оның ішінде бакалавр, магистранттар мен докторанттар болды. Сауалнамаға жауап бергендердің 2,4%-ы еш жерде оқымайтын, жұмыс істейтін жастар.



1-диаграмма




2-диаграмма


Зерттеудің репрезентативтілік деңгейін көтеру үшін Қазақстанның барлық өңірлерінен респонденттерден жауап жинау мақсаты қойылды. Осыған сәйкес, респонденттер ең белсенді жауап берген өңірлер – Жетісу облысы (48,2%), Қостанай облысы (12,2%), Алматы облысы (8,2%) және Астана (6,1%), Алматы (3,7%) қалалары болды.

Қазақ тілін қолдану көрсеткіштері жастардың тұрғылықты өңірлерімен де тығыз байланысты екенін сауалнама көрсетіп берді. Қазақ тілінің қолданыс аясын қала және ауыл жастары арасында салыстырмалы түрде көру үшін 61,7% қала жастары мен 38,3% ауыл жастары сұралды.


Оның ішінде әр аймақтағы қала және ауыл жастарының үлестері келесідей болды:




3-диаграмма



4-диаграмма



5-диаграмма



6-диаграмма

Сауалнамаға қатысқандардың 75,9%-ы қазақ, 11,8% ұйғыр, 9,3%-ы орыс, 1,3%-ы украин және сызбада көрсетілген басқа да этностар өкілдері болды.

Жалпы 1570 респонденттің 76,8%-ы тек білім алу мекемелерінде оқитындар болса, 22,7%-ы оқумен қатар жұмыс істейтіндерін көрсеткен.

#### Жастардың жаңа медиа-орта жағдайында кітап оқуға қызығушылығы

Респонденттердің жартысынан көпшілігі (58%-ы) бос уақытын ғаламторда өткізеді,

35,2%-ы кітап оқитынын, ал 33,9%-ы спортпен айналысатынын белгіледі. Қалған 2,1% бен 1,5% қатысушылар сәйкесінше хоббиге уақыт бөліп, жұмыс істейтінін хабарлады. Ал жастардың 0,8%-ы ештеңе істемей, үйде демалып немесе достарымен қыдыруды таңдайтынын айтқан.


Барлық сегменттердің жартысынан көбі бос уақытында ғаламторда уақыт өткізуді жөн көреді, ал олардың ең көп үлестері мектеп оқушыларының (71,3%), докторанттардың (65,7%),




магистранттардың (60%) арасында болды. Ал университет пен колледж студенттерінің тек 57%-ы мен 54,9%-ы жауаптың осы нұсқасын таңдаған.

Білім алушы жастардың ғылыми дәрежесінің өсуіне қарай бос уақытында кітап оқитын жастардың үлесі де артып отыратынын зерттеу

жақсы дәлелдеп берді. Мысалы, докторанттар (62,9%) мен магистранттардың жартысынан көбі (54%) кітап оқиды. Ал басқа сегменттердің арасында кітап оқитын жастардың саны азайып отырған: бакалавр студенттерінің 39,4%-ы, колледж студенттерінің 32,3%-ы, ал оқушылардың тек 30%-ы ғана бос уақытын кітаппен өткізеді.



7-диаграмма




8-диаграмма

Жалпы «Сіз кітап оқисыз ба?» деген сауалға «Иә» деп жауап берген жастардың үлесінің динамикасы да алдыңғы сұрақтың динамикасына ұқсас: ең жоғары 97,1%-ық көрсеткіші докторанттар және 85%ық үлесі магистранттар арасында. Мектеп оқушыла-

рының 82,3%-ы, университет студенттерінің 80,8%-ы, ал колледж студенттерінің 79%-ы кітап оқиды.


Оның ішінде барлық сегменттердің басым бөлігі кітап оқуға аптасына 30 минуттан 1 сағатқа дейін ғана уақыт бөлетінін белгілеген.



9-диаграмма



10-диаграмма



11-диаграмма


«Сіз кітап оқисыз ба?» сұрағына оң жауап берген респонденттер көбінесе көркем әдебиетті (34,6%), психология (24,7%), детектив (14,5%) және бизнес (12,7%) мазмұндағы кітаптарды оқығанды ұнатады.

Ал сегменттер арасындағы кітап тақырыптарының таңдау үлестері келесі сызбада берілген:


Респонденттердің басым бөлігі электронды кітаптарға (43,4%) қарағанда қағаз кітаптарды (52,6%) артық санайды екен. Дегенмен колледж студенттері басқа сегменттерге қарағанда электронды кітаптарға басымдық берген: олардың 49,9%-ы сауалнамадағы жауаптың электронды кітаптар деген нұсқасын таңдаған.



12-диаграмма



13-диаграмма



14-диаграмма

Респонденттердің басым көпшілігі Қазақстанның қазақ тілі кең қолданылатын оңтүстік өңірінен болса да, жауап берген жастардың 50,4%-ы көбінесе орысша кітаптарды оқитынын белгіледі және тек 46,6% жауап берушілер


кітапты қазақша оқитынын білдірді. Ағылшынша оқитын жастардың үлесі небәрі 2,5%-ды құрады және 0,6% жас азаматтар ұйғырша, арабша, қытайша оқуға басымдық беретінін көрсетті.



15-диаграмма

Жас мөлшеріне байланысты сегменттерде көбінесе орысша оқитын жастар магистранттар (68%), докторанттар (60%), оқушылар (62,7%) және студенттер (53,4%) арасында екенін көруге болады. ЖОО-да оқып жатқан жастар арасында

мұндай көрсеткіштің жоғары болуы біздің қазақ тілінің кәсіби, ғылыми ортада әлі де кең тарала қоймағаны туралы гипотезамызды растайды. Бұл тұжырымды келесі сұрақтың жауаптары да нақтылай түседі.



16-диаграмма

«Сіз көбінесе қай тілде ойланасыз?» сұрағына жауап берушілердің 59,9%-ы ойлану процесі қазақ тілінде жүретінін, ал 36,8%-ы орыс тілінде

ойланатынын көрсеткен. Яғни бұған дейінгі кітап оқу тілінің көрсеткіштері жастардың күнделікті қолданыстағы тілімен емес, қазақтілді контенттің


қолжетімділігі мәселесімен тығыз байланысты екенін көре аламыз. Сауалнамаға қатысқандардың 76%-ы қазақ бола тұра, олардың 59,9%-ы ғана қазақ тілінде ойлайтыны жастар арасындағы тілдік ахуалдың қандай екенін көрсетеді. Сонымен қатар қазақ жастарының билингвалды екендігінің тағы бір дәлелі олардың қазақ тілі мен

орыс тілін қатар қолданатынын көрсететін осы сұрақтардың жауаптары деуге негіз бар.

Сауалнамаға қатысқан мектеп оқушыларының қазақ тілінде және орыс тілінде ойлайтындар арасындағы үлестердің бірдей (50,2%) болуы да қазақ тілінің болашағына қатысты проблеманың әлі де қиын екенін дәлелдейді.



17-диаграмма



18-диаграмма


«Сіздің қазақ тілінде қажетті ақпаратты табуда қиналған кезіңіз болды ма?» деген сұраққа респонденттердің 39%-ы «Иә, болды», 41,2%-ы «Жоқ, болған емес» және 19,4%-ы басқа тілде де оқи беретіндіктен қиналмайтынын белгілеген.

Олардың ішінде қазақтілді ақпаратты іздеуде қиындықтарға тап болғандардың көбі докто-

ранттар (60%), университет студенттері (48,7%), магистранттар (43,4%) және мектеп оқушылары (40,6%) болды. Жұмыс істемейтін жастардың да 44%-ы қазақша материалдарды табуда қиындықтар барын белгілеген. Бұл сауалға «Жоқ, болған емес» деп жауап берген жастардың басым бөлігін 47,7 % үлеспен колледж студенттері құраған.



19-диаграмма




20-диаграмма

### Жастардың қазақ тілін қолдануына медиа-ортаның әсері

Сауалнамаға қатысушылардың 91,6%-ы әлеуметтік желілерді жеке өмірінде, оқу, жұмыс бабымен және тағы да басқа мақсаттардағы коммуникация үшін қолданады. Бұндай коммуникациялық форматтарда олардың басым бөлігі (48,2%) орыс тілін, ал 42,9%-ы қазақ тілін қолданады. Тағы 1,9%-ы әлеуметтік желілерде ағылшын тілінде сөйлескенге басымдық береді.

Респонденттердің 30,1%-ы ғаламторға күніне 1-ден 3 сағатқа дейін уақытын арнайды.

Ең аз дегенде 13,3%-ы күніне жарты сағат ғаламторда отырады, ал 17,6% жастар күніне 5 сағаттан артық уақытын виртуалды кеңістікте өткізеді. Оның ішінде 46,2%-ы онлайн фильмдер мен видеолар көріп, музыка тыңдайтынын, 45,9%-ы оқу аясында үй тапсырмаларын орындайтынын, 43,7%-ы әлеуметтік желілерде уақыт өткізетінін белгілеген. Сонымен қатар жас азаматтардың 39,7%-ы ғаламтордан жаңа білім алып, 35,6%-да коммуникация мақсатында қолданып, жаңа хабарламаларды тексеретінін жазған.



21-диаграмма



22-диаграмма



«Сіз ғаламторды көбінесе қай мақсатта қолданасыз?» сұрағында ең аз үлес жинаған жауаптар: «Жаңалықтар оқу» (24,2%), «Қызмет/тауарларға тапсырыс беру» (19%), «Жұмыс үшін» (17%) және «Ойнау үшін» (15,9%) болды.

Топтар бөлінісінде бұл жауаптардың үлестері келесідей болғаны анықталды:


«Сіз қазақ тіліндегі хабарламаларды, жарнаманы, жаңалықтарды түсінесіз бе?» деген сауалға респонденттердің басым бөлігі (67,7%) әрқа-

шан түсінетінін белгілеген. Жауап бергендердің 17,6%-ы кейде ғана түсінетінін, ал 9,4% сирек түсінетінін және 5% мүлде ешқашан түсінбейтінін көрсеткен.


Оның ішінде қазақ тіліндегі контентті әрқашан түсінетіндер барлық топтарда басым екенін көреміз, ал ең көп үлесі докторанттардың – 91,4%, бакалавр бөлімінде оқитын студенттердің – 72,4%, мектеп оқушыларының – 71,4% арасында екені байқалады.



23-диаграмма




24-диаграмма



25-диаграмма

Мақсатты түрде үнемі қазақтілді медиақон-  
тетті тұтынатын респонденттердің үлесі 33,4%-  
ды қамтиды, ал контентті тұтынуда тілге бай-  
ланбайтын жауап берушілердің үлесі 33,4%-ды  
құрайды. Жауап берушілердің 25,1%-ы қазақтіл-  
ді медианы сирек тұтынатынын, ал 8,1%-ы мүл-  
де тұтынбайтынын белгіледі. Олардың ішінде  
қазақша контентті мақсатты түрде әрқашан кө-  
ретіндердің үлесі барлық сегменттерде де басқа


тілді контент көретіндердің үлесінен төмен еке-  
нін көре аламыз. Себебі «Ешқашан», «Сирек»,  
«Кейде» деп жауап берген респонденттердің  
қосындысы «Әрқашан» деп жауап берген жас-  
тардың санынан көп. Университет студенттері-  
нің арасында бұл көрсеткіш 39,4%, магистрант-  
тар арасында 35%, докторанттар ішінде 34,3%,  
колледж студенттері арасында 33,9%, ал мектеп  
оқушыларының ішінде 25,7%-ды ғана құрайды.



26-диаграмма

Дегенмен «Мен қазақ тілін түсінемін, сондықтан қазақша медиа хабарламаларды оқимын» тұжырымымен келісесіз бе?» деген Лайкерт шкаласы бойынша қойылған сұраққа «Толықтай келісемін» және «Келісемін» деп жауап берген жастардың үлесі басым болды (39,5% және 37,2%). Бұл сұрақтың жауаптары «Сіз қазақ тіліндегі хабарламаларды, жарнаманы, жаңалықтарды түсінесіз бе?» сұрағына жауап нәтижелерін растайтынын көре аламыз.

Яғни, респонденттердің басым бөлігі қазақтілді медиаконтентпен бетпе-бет келген жағдайда, оны түсініп, көре алады, бірақ күнделікті мақсатты түрде тек қазақтілді контентке таңдау бермейді. Бұл да біздің зерттеудің тосын күтпеген нәтижесі болды. Бұдан «жастардың айналасындағы ақпараттық кеңістікте қазақтілді контент қоршап тұрса, басым болса, қазақ тілін таңдайтындар саны да әлдеқайда көп болады» деген тұжырым жасадық.



27-диаграмма


Әлеуметтік желілердегі коммуникацияны тек қазақ тілінде жүргізетін респонденттердің үлесі 35,1%-ды құрады. Жауап бергендердің 30,7%-ы да «Мен әлеуметтік желілерде тек қазақша сөйлесемін, себебі қазақ тілін жақсы меңгергенмін» деген жауапты таңдаған. Алайда бұл жауап дәрежесі «Толықтай келісемін» жауабының дәрежесінен 5%-ыздай төменірек. Сондықтан жастардың 65,8%-ы үшін коммуникацияда белгілі бір тілге деген басымдық, таңдау жоқ деуге негіз бар, яғни жастардың осынша бөлігі қазақ тілінде де, орыс тілінде де бірдей дәрежеде сөйлесе береді. Қалған 34,2% жауап берушілер «Сенімді емеспін» (18,2%), «Келіспеймін» (11,9 %) және «Толықтай келіспеймін» (4,1 %) жауаптарын таңдады.

Жауап берушілердің 57%-ы «Қазақ тіліндегі хабарламаларды түсіну үшін маған олардың орысша аудармасы керек» тұжырымымен келісесіз бе?» сауалға аударманың қажет емес екенін көрсеткен, ал қалған 28,6% аудармаға мұқтаж екені және тағы 14,4% респондент «Сенімді емес» екенін белгілеген.


Тағы бір қызықты нәтиже: орыстілді ақпараттың қазақша аудармасын қажет ететін жауап берушілердің үлесі 28,7% болып шықты, ал 16,1% сенімді емес екендерін, 55,2%-ы орыс тіліндегі ақпаратты аудармасыз түсіне беретінін көрсетті. Бұндай жауаптардан мектеп оқушыларының 21,7%-ының, студенттердің 31,8%, 25% магистранттар мен 11,5% докторанттардың орыс тілін меңгеру деңгейі төмен екендігін көре-

міз. Сауалнама нәтижесінің таңданыс тудырған мәселесі де осы сауалмен байланысты болды. Өйткені орта білім орындарындағы әрбір 5-ші бала орыс тілін нашар меңгерсе, әрбір 3-ші ма-


гистрант және әрбір 9-шы докторант орыс тіліндегі контентті қазақшаға аударып қана түсінеді. Ал еш жерде оқымайтын жұмысшы жастардың арасында бұл көрсеткіш тек 11,1%-ды құраған.



28-диаграмма



29-диаграмма



30-диаграмма

Әлеуметтік желілерде мақсатты түрде тек қазақ тілін қолдануды ыңғайлы деп санайтын респонденттер үлесі 19,9%-ды құраса, тағы 22,4%-ы бұл тұжырыммен келісетінін мәлімдеген. Қалған 21,8%-ы «Сенімді емеспін» жауабын тандаса, 35,9% жауап берушілер бұндай тұжырыммен келіспейтінін белгілеген.


«Сізді ғаламтордағы қазақтілді медиа-контенттің саны / көлемі қанағаттандырады ма?» сауалға респонденттердің басым бөлігі (44,4%) қанағаттандырады деп жауап берсе, 19,5%-ын толықтай қанағаттандырады деп көрсеткен. Жауап берушілердің 22,5% медиа-кеңістіктегі қазақша контенттің жеткілікті екеніне сенімді емес, ал 13,6% респондент жеткіліксіз екеніне сенімді.

Олардың ішінде «Қанағаттандырмайды» және «Мүлдем қанағаттандырмайды» деген жауаптарды таңдағандардың ең жоғары үлесі докторанттар (42,9% және 5,7 %) мен университет студенттерінің арасында (20,2% және 2,6%) екені анықталды. Сонымен қатар докторанттардың арасында «Толық қанағаттандырады» жауабын таңдаған респонденттердің жоқтығы да жағымсыз көрсеткіш деп бағаланды. Басқа топтардың басым бөліктері докторанттармен салыстырғанда «Қанағаттандырады» және «Толықтай қанағаттандырады» жауаптарын таңдаған. Докторанттар жауаптары үлестерінің басқа топтарға қарағанда ерекшеленуі қазақ тіліндегі ағартушылық және ғылыми мазмұндағы контенттің жеткіліксіз екенін көрсетіп берді.


«Сізді қазақтілді медиа-контенттің сапасы қанағаттандырады ма?» сауалына жастардың басым бөлігі «Қанағаттандырады» (45,4%) және «Толықтай қанағаттандырады» (20,3%) деп жауап берген. Бұл көрсеткіштер жалпы ақпараттық кеңістіктегі қазақша медиа-өнімдер сапасының дамып, жастар көңілінен шығып жатқандығын айшықтайды. Тек 22,4% жауап берушілер сапа деңгейіне сенімді емес екенін, 9,8% қанағаттанбайтынын және 2,1% толық қанағаттанбайтынын көрсеткен.

Жас мөлшері бойынша сегменттер арасындағы үлестерге назар аударсақ, сапаға көңілі толмайтын жас азаматтардың ең жоғары көрсеткіші тағы докторанттар арасында екенін көреміз (28,6% бен 8,6%) және олардың 31,4%-ы қазақтілді медиа-контенттің сапасына «Сенімді емес» екенін белгілеген. Ал сапаға қанағаттанатын респонденттердің ең жоғары үлесі колледж студенттерінің арасында – 50,2% (қанағаттанады) мен 23% (толық қанағаттанады) болып тіркелді.

«Сіздің ойыңызша медиа-контенттің қай түрі қазақтілді кеңістікте жеткіліксіз?» деген тағы бір маңызды сауалға зерттеуге қатысқан респонденттердің: 54,7%-ы танымдық, 37,2%-ы ғылыми, 30,9%-ы ойын-сауықтық, 28,4%-ы іскерлік және 26,7%-ы психологиялық контенттің аз екенін көрсеткен. Өз жауабын жазғандардың арасында балаларға арналған медиаөнімдердің де жеткіліксіз екенін көрсеткендер болды, ал жауап берушілердің 1,4%-ы қазақша контентке мүлдем қызықпайтынын белгілеген.



31-диаграмма




32-диаграмма



33-диаграмма

Танымдық контентті көбейту керек деген пікірді топтарда респонденттердің көпшілігі қолдаған, олардың ішінде ең жоғары үлес докторанттарға (82,9%) тиесілі, магистранттардың да 62%-ы осылай ойлайды. Ғылыми контенттің жеткіліксіз екенін көп белгілегендер PhD студенттері (71,4%) болған, университет студенттер

(45,1%) мен магистранттардың (43%) шамамен бірдей үлесі жауаптың осы нұсқасын таңдаған. Ойын-сауықтық, ғылыми, бизнес және психологиялық контент жеткіліксіз деп ойлайтындардың басым бөлігі мектеп оқушылары (44,9%, 43,1%, 31,1%, 30,2%), университет студенттері (31,1%, 45,1%, 37,8%, 39,9 %) арасында тіркелді.



34-диаграмма

### Жастардың жаңа медиа-орта жағдайында кітап оқуға қызығушылығы

Білім алушы жастар арасында өткізілген әлеуметтік зерттеу жастардың жаңа медиа-ортада кітап оқуға қызығушылығының төмен екенін көрсетті. Барлық жастағы респонденттердің жартысынан көбі (58%-ы) бос уақыттарын ғаламторда өткізеді және олардың 35,2%-ы ғана кітап оқитыны анықталды. Уақытын ғаламторда өткізуді тек мектеп оқушылары мен студенттер емес, магистранттар мен докторанттар да таңдаған, бірақ оқудағы ғылыми дәрежесінің өсуіне қарай бос уақытында кітап оқуды таңдайтын жастардың үлесі өсіп отыратыны тіркелді. Ғаламторда уақыт өткізумен қатар кітап оқуды қатар алып жүру деңгейі ғылыми дәрежесіне тәуелді (корреляция) болатыны байқалды: докторанттар (62,9%) мен магистранттардың жартысынан көбі (54%) кітап оқиды. Ал басқа жас сегменттердің арасында білім дәрежесіне сай кітап оқитындардың саны азайып отырады: бакалавр студенттерінің 39,4%-ы, колледж студенттерінің 32,3%-ы, ал оқушылардың тек 30%-ы бос уақытын кітаппен өткізеді.

Жалпы «Сіз кітап оқисыз ба?» сұрағына «Иә» деп жауап берген жастардың көрсеткіші докторанттар және магистранттар арасында ең жоғары болған. Дегенмен нәтиже ауқымы жағынан мектеп оқушылары, колледж және университет студенттері бұл көрсеткіштен ұзап кетпеген, оларда кітап оқитындар үлестері тиісінше 82,3%-ды, 79%-ды және 80,8%-ды құраған. Оның ішінде барлық сегменттердің басым бөлігі кітап оқуға аптасына 30 минуттан 1 сағатқа дейін ғана уақытын бөлетінін белгілеген. 7-8 сағат

Зерттеуде анықталған ерекше жағдай бұл – оқымайтын жұмысшы жастардың арасында кітап оқитындар санының студент жастардан да жоғары болуы. Жұмысшы жастардың 91,7%-ы кітап оқуды ұнататын болып шықты. Оның шынайылығын біз бұндай әлеуметтік мәртебесі дар жастардың «Аптасына қанша уақытыңызды кітап оқуға арнайсыз?» деген сауалға берілген жауаптары дәлелдеп тұр: кемінде 30 минут (25,7%); 30 минуттан 1 сағатқа дейін (28,6%); 1-3 сағат (20,0%); 3-5 сағат (17,1%) және 5 сағаттан артық (5,7%). Бұл жауаптарда мұқият талдауды қажет ететін көрсеткіштер бар.

Респонденттер көбінесе көркем әдебиетті, психология, детектив және бизнес бағыттарындағы кітаптарды оқығанды ұнатады және олардың басым бөлігі электронды кітаптарға (43,4%) қарағанда қағаз кітаптарды (52,6%) таңдайды екен.

Әлеуметтік зерттеудің алаңдататын нәтижесі – респонденттердің басым көпшілігінің (50,4%) кітаптарды орысша оқитыны, ал 46,6% ғана кітапты көбінесе қазақша оқиды. Барлық топтық сегменттерде орысша оқитын жастар магистранттар (68%), докторанттар (60%), оқушылар (62,7%) және студенттер (53,4%) арасында кездесетінін көруге болады. ЖОО-да оқитын жастар арасында мұндай көрсеткіштің жоғары болуы біздің қазақ тілінің кәсіби, ғылыми ортада әлі де ауқымы кеңей қоймағанын, кең таралмағаны туралы гипотезамызды растайды.

Бұл тұжырымды «Сіз көбінесе қай тілде ойланасыз?» сұрағына 59,9%-ы ойлану процесі қазақ тілінде жүретінін, ал 36,8%-ы ғана орыс тілінде ойланатынын көрсеткені растайды. Кітап оқу тілінің көрсеткіштері жастардың күнделікті қолданыстағы тілімен емес, қазақтілді контенттің қолжетімділігі мәселесімен байланысты екенін көреміз. Сонымен қатар жастардың билингвалды екенінің тағы бір дәлелі олардың қазақ тілі мен орыс тілін қатар қолданатынын көрсететін осы сұрақтардың жауаптары деп айтуға толық негіз бар. Бұл тұжырымға тағы бір дәлел – «Сіздің қазақ тілінде қажетті ақпаратты табудан қиналған кезіңіз болды ма?» сұрағына респонденттердің 39%-ы «Иә, болды», 41,2%-ы «Жоқ, болған емес» және 19,4%-ы басқа тілде де оқи беретіндіктен қиналмайтынын белгілегені. Олардың ішінде ең көп қазақтілді ақпаратты іздеуде қиындықтарға тап болған докторанттар, университет студенттері, магистранттар және мектеп оқушылары болды.

Зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, жаңа медиа-орта жағдайында жастардың жалпы кітап оқу мәдениетінің орта дәрежеден төмен екенін, ал оның ішінде қазақша кітаптарды оқитын жастардың үлесінің орыс тілінде оқитын жастардың санынан аз екенін анықтадық. Бұл тенденцияны өзгерту үшін қазақтілді кітаптардың санын жастарға қызықты мазмұнда, тақырыптарда көбейтіп, насихаттауды ұсынамыз. Сонымен қатар қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттің жетіспеушілігінде біздің зерттеуіміз дәлелдеп берді.

#### **Жастардың қазақ тілін қолдануына медиа-ортаның әсері**

Қазіргі әлеуметтік желілер жастардың негізгі коммуникация көзіне айналғаны дәлелдеуді қа-

жет етпейтін ақиқат. Мұны сауалнамаға қатысушылардың 91,6%-ы растап, әлеуметтік желілерді жеке, оқу, жұмыс бабымен және тағы басқа мақсаттарда коммуникация үшін қолданатынын көрсеткен. Назар аударатын тағы бір мәселе – олардың желілік қарым-қатынаста қазақ тілінен гөрі орыс тілін көп қолданатыны.

Орташа медиана есебімен жастар күніне 1-ден 3 сағатқа дейін уақытын интернет кеңістігінде өткізеді және оның басым бөлігінде онлайн фильмдер/видеолар көріп, музыка тыңдайды, үй тапсырмаларын орындап, әлеуметтік желілерді парақтайды. Бұл орайда сауалнамаға қатысқандардың мақсатты түрде үнемі қазақтілді медиаконтентті тұтынатындар үлесі 33,4%-ды қамтыды, ал контентті тұтынуда тілге байланбайтын жауап берушілердің үлесі 33,4%-ды құрады. Жауап берушілердің 25,1%-ы қазақтілді медианы сирек тұтынса, 8,1%-ы мүлдем тұтынбайды. Контентті мақсатты не мақсатсыз қазақ тілінде тұтынбаған жағдайда да, респонденттердің басым бөлігі (67,7%) қазақ тіліндегі хабарламаларды, жарнаманы, жаңалықтарды жақсы түсінетіні анықталды. Оның ішінде қазақ тіліндегі контентті әрқашан түсінетіндер барлық топтарда да басым екенін көреміз, ал ең көп үлес докторанттардың, бакалавр студенттерінің, оқушылардың арасында байқалады. Қазақша контентті мақсатты түрде әрқашан көретіндердің үлесі барлық сегменттерде де басқа тілді контент көретіндердің үлесінен төмен болды. Бұл респонденттердің басым бөлігі қазақтілді медиаконтентпен бетпе-бет келген жағдайда, оны түсініп, көре алады, бірақ күнделікті мақсатты түрде тек қазақтілді контентті өздері іздеп, таңдау бермейтінін білдіреді. Бұл жаңа дәуірдегі жаңа коммуникациялық ортаның ерекшеліктерін тағы да айшықтап тұр: тұтынушы желіден ақпарат іздемейді, ақпарат тұтынушының алдында, кросс-медиа және трансмедиа формаларында оны қоршап тұруы тиіс. Осындай жағдайда ғана қазақ тілінің дамуы, оны жастардың қолдануы мәселесінде ілгерілеушілік болады. Зерттеуде әртүрлі формада қойылған мағыналары ұқсас барлық сұрақтардың жауаптары көрсетті.

Қазақ тілі мен орыс тіліндегі ақпараттардың аудармаларын қажет ететіндердің үлесі шамамен бірдей болды (28,6% және 28,7%): осынша адамға қазақтілді контентті орысшаға және керісінше орыстілді контентті қазақшаға аудару сервистері қажет. Дегенмен жастардың басым бөлігі мұндай аудармаларды қажет етпейтінін, билингвалды екендерін айтқан.



Зерттеу нәтижелері қазақстандық жастардың басым бөлігін ғаламтордағы қазақтілді медиа-контенттің саны, көлемі, сапасы қанағаттандыратыны анықталды. Алайда докторанттар арасында медиаконтенттің санына да, сапасына да көңілі толмайтындар саны басым екені байқалды. Докторанттардың жауаптарындағы үлестің басқа топтарға қарағанда ерекшеленуі қазақ тіліндегі ғылыми контенттің жеткіліксіз екенін тағы бір рет дәлелдейді.

Оқитын жастар қазақтілді медиаконтентте танымдық, ғылыми, ойын-сауықтық, бизнес, психология, балалар бағыттарындағы контенттің жетіспейтінін көрсеткен. Танымдық контентті көбейту керек деген пікірді барлық топтағы респонденттер қолдаған, олардың ішінде ең жоғарғы үлес докторанттар мен магистранттардың арасында болды. Ғылыми контенттің аздығын ең көп белгілегендер де PhD студенттері, университет студенттері мен магистранттар болса, ойын-сауықтық, бизнес және психологиялық контенттің тапшылығын мектеп оқушылары мен университет студенттері белгілеген.

Тіл адамдардың идеяларын жеткізетін, тәжірибе алмасатын және мәдени сәйкестіктерін бекітетін негізгі құрал қызметін атқарады. Цифрлық ғасырда жаңа коммуникациялық технологиялар мен платформалардың пайда болуына байланысты тілді қолданудың ландшафты күрт өзгергенін біздің зерттеуіміз көрсетіп берді. Әлеуметтік медиа, жылдам хабар алмасу және цифрлық мазмұнды жасау құралдары жастардың өзін таныту және басқалармен қарым-қатынас жасау тәсілдерін өзгертіп қана қоймай, қазақ тілінің жаңа медиа-ортадағы қолданыс ауқымына да ықпал ете бастады.

Бұның бәрі Қазақ еліндегі мемлекеттік мәртебеге ие жалғыз қазақ тілінің болашағын анықтайтын факторлар. Орын алған өзгерістердің қазақ тілін дамытуға, қоғамды топтастырып жасампаз арнаға бұру үшін мемлекет пен қоғам бірлесіп ортақ іс-қимылдар стратегиясын іске асыру қажеттігі бұл зерттеу мақаласының басты тұжырымы деп ойлаймыз.

### Қорытынды

Отандық медиа зерттеушілер арасында жаңа коммуникациялық ортада жастардың оқу мәдениетінің өзгеруі мен қазақ тілін қолдану ерекшеліктері көп талқылана бермейтін ғылыми мәселе. Мақалада жастардың кітап оқу мәдениетіндегі өзгерістер бүгінгі коммуникациялық тех-

нологиялардың жылдам дамуымен байланыстыра зерттелген. Кітап оқу дағдыларының өзгеруі, дәстүрлі баспа, телевизия мен радио түріндегі бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану мен цифрлық форматтағы контенттің арасалмағы сарапталды.

Тақырыпқа қатысты жүргізілген әлеуметтік зерттеу соңғы жылдардағы медиа-ортадағы өзгерістер қазақ тілінің қолданылуына жаңа тенденциялар әсер ететінін, жастардың қазақ тілін қолданудағы ерекшеліктерін анықтауға көмектесті. Зерттеу барысында әлеуметтік медиа, цифрлық платформалар мен мобильді қосымшалар жастардың кітап оқуға деген ынтасы мен ақпаратпен қарым-қатынасын қалай өзгерткенін көрсетті.

Зерттеу қорытындысы бойынша қазақ тілінің жаңа коммуникациялық ортадағы өзгерістеріне бірнеше фактор ықпал ететінін айтуға болады. Оларға мыналар жатады:

**бірінші,** цифрлық медиа платформалар, оның ішінде, әлеуметтік желілер мен видео алмасу қызметтерінің, онлайн форумдардың көптігі лингвистикалық инновацияларға жол ашты, қазақ тілін қолдану жаңа коммуникациялық ортаға бейімделіп, жастар арасында «желілік қысқартылған» формалар дами бастады. Пайдаланушылар цифрлық коммуникацияға ыңғайлы жаңа сөздерді, тіл өрнектерін және сленгтер жасады. Бұл жерде батыстық ағылшын тіліне еліктеу де байқалады;

**екінші,** интернеттегі тілдік байланыс белсенді әрі жылдам жүруде. Көпмәдениетті және көптілді қоғамдарда тілдер өзара әрекеттеседі және бір-біріне әсер етеді, нәтижесінде цифрлық дискурста гибридті формалар мен кодтар ауыстырылады. Қазақ тілі де сыртқы тілдік әсерлерден қорғана алмауда, сыртқы әсердің күшімен өзгеруде;

**үшінші,** жаһандану процестердің ықпалымен интернет арқылы әлемдегі тілдердің өзара байланысы артып, жаһандық тенденциялардың ықпалымен жастар арасында көптілді орта қалыптасып үлгерді. Мысалы, сауалнамаға қатысқандардың 33,4%-ы мақсатты түрде үнемі қазақтілді медиаконтентті тұтынса, контентті қабылдауда тілге мүлдем байланбайтын жауап берушілердің үлесі 33,4%-ды құраған. Яғни, қазіргі жастардың бірнеше тілді меңгеруі мен аударма платформалардың жетілуі арқасында жас тұтынушылар ақпаратты кез келген тілде қабылдай алады, түсінбейтін материалын, видео немесе аудио контентті аудармада оқиды.

Бұл зерттеудің тағы бір маңызды қорытынды тұжырымы – қазақ тілінің жаңа медиа-ортадағы қолданыс проблемалары соңғы онжылдықта жылдам өзгерген медиа ландшафт пен цифрлық медианың өзара белсенді әрекеттесуіне тәуелді болуы деп санаймыз. Сауалнама нәтижелері қазақ жастарының цифрлық форматта оқуға деген айтарлықтай бетбұрысын да дәлелдеді. Осындай қорытынды тұжырымдарға сүйеніп келесідей ұсынымдар жасай аламыз:

- қазақ тілінің заманауи коммуникациялық платформаларға интеграциялануын қолдайтын стратегиялар қабылдау қажет;

- технологиялық ортаның ықпалымен қазақ жастарының кітап оқу мәдениеті төмендеген, қазақша кітап оқитын жастардың үлесі орысша кітапты таңдайтын жастардың санынан аз болуы да мемлекеттік тіл саясаты бойынша дайындалатын бағдарламаларда жаңаша қағидалар мен ұстанымдар, кешенді шаралар қабылдау ұсынылады;

- қазақстандық жастарға қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттің жетіспеушілігін шешу жолдарын ғылым мен білім саласына жауапты уәкілетті органдар отандық ғылыми қауымдастықпен бірлесіп қолға алулары маңызды. Әзірше бұл бағытта серпінді ұсынымдар қарасы көрінбейді;

- жаһандық тенденциялардан қазақ тілі де шет қалған жоқ және шет қала да алмайды. Қазақ жастары цифрлық платформаларды өздерінің ана тілін желідегі қарым-қатынасқа бейімдеу арқылы қолдануда. Сондықтан цифрлық трансформациялардың қазақ тілінің құрылымына, сөздік қорына, жас азаматтардың тұлғасына әсерінің қаншалықты терең екенін анықтау ауқымды зерттеулерді қажет етеді.

Цифрлық технологиялар оқу мен ақпарат алмасудың жаңа мүмкіндіктерін ұсына отырып, ұлттың тілін, мәдениеті мен рухани байлығын сақтауда, дамытуда үлкен қиындықтар туғызуда. Цифрлық әлем жастар үшін тартымды және технологиялар ақпаратпен өзара әрекеттесу және оқу үшін зор инновациялық мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен бұндай артықшылықтарға қарамастан, цифрлық форматты таңдаған білім алушы материалды үстірт түсінеді, оның ойлау функциялары төмендейді. Ал қағаз кітаптарды оқу тереңрек түсінуге, есте сақтауға және кітап мазмұнын эмоционалды қабылдауға үйретеді. Бұл мәселені де қоғамда жиі талқылап, насихаттау қажет.

Біздің зерттеуіміз қазақстандық жастардың ақпаратты тұтынудың цифрлық форматтарына көбірек бейім, дәстүрлі баспа БАҚ-тан алшақтап, қарым-қатынаста ана тілін сирек қолданады деген гипотезаны растайды. Қорыта айтқанда, цифрлық ортада оқудың электрондық және дәстүрлі түрлері арасындағы тепе-теңдікті сақтау сапалы білім беру мен жастарды ұлттық тәрбиемен қамтуда аса маңызды деп ойлаймыз. Бұл цифрлық дәуірде оқу мәдениетін нығайтудың тиімді стратегияларын тұжырымдаумен қатар цифрлық технологиялардың оқу мәдениеті мен біліміне әсерін одан әрі зерделеуді және түсінуді талап етеді.

### Қаржыландыру

Бұл зерттеу мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми гранты есебінен қаржыландырылды (грант № AP19677579).

### Әдебиеттер

- Aisultanova, K. A., Aljarova, L. M. (2015). Проблемы терминообразования в казахском языке // Вестник КазНУ. Серия филологическая: том 158 №6.
- Al-Rfouh, F. O. (2017). Globalization, Social Media and the Arab Spring: 2010-2015. *JL Pol'y & Globalization*, 66. – p. 67
- Borcuch, A., PiA, M., & Aswierczy A. U., (2012). The Influence of the Internet on globalization process. *Journal of Economics and Business Research*, 18(1). – pp.118-129.
- Chen, G., Chen, J., Deng, X. C. X., Deng, Y., Kurlantzick, J., Pang, Z., ... & Zhu, Z. (2009). *Soft power: China's emerging strategy in international politics / Lexington Books.*
- Evdokimov A.E., Davydova T.A., Savkin D.A. (2020). Russian language in Central Asia: current status and prospects // *Post-Soviet Issues*, 2020, 7(3). – pp. 373-388 (In Russ.) <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2020-7-3-373-388>
- Grix, J., & Houlihan, B. (2014). Sports mega-events as part of a nation's soft power strategy: The cases of Germany (2006) and the UK (2012) // *The British journal of politics and international relations*, 16(4). – pp. 572-596
- Haddock, A., Ward, N., Yu, R., & O'Dea, N. (2022). Positive effects of digital technology use by adolescents: A scoping review of the literature. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 19(21). – pp. 140-159
- Iwabuchi, K. (2015). Pop-culture diplomacy in Japan: Soft power, nation branding and the question of 'international cultural exchange' // *International Journal of Cultural Policy*, 21(4). – pp. 419-432

- Lee, G. (2009). A theory of soft power and Korea's soft power strategy // *The Korean Journal of Defense Analysis*, 21(2). – pp. 205-218
- Mutavi, D. (2023). Impacts of globalization on culture / *Authorea Preprints*.
- Nakano, R., & Zhu, Y. (2020). Heritage as soft power: Japan and China in international politics // *International Journal of Cultural Policy*, 26(7). – pp. 869-881
- Nisar, H., & Khanum, M. (2021). Increasing role of new social media networking in the development of globalization and changing global patterns // *Pakistan Journal of International Affairs*, 4(2). – pp. 45-53
- Nisbett, M. (2016). Who holds the power in soft power? // *Arts & International Affairs*, 1(1). – pp. 110-148
- Nye, J. S. (1990). Soft power // *Foreign policy*, (80). – pp. 153-171
- Olko J. et al. (2016). Integral strategies for language revitalization / *Warsaw Press*.
- Pamment, J. (2016). British public diplomacy and soft power // *Basingstoke: Palgrave Macmillan*. – pp. 211-213
- Quitow, R., & Thielges, S. (2022). The German energy transition as soft power // *Review of International Political Economy*, 29(2). – pp. 598-623
- Rakhymbayeva, L. (2022). Language choice and language ideologies among Kazakhstani students: The status of Kazakh in the context of multilingual education // *Master's thesis, Nazarbayev University Graduate School of Education*.
- Reem, M. (2022). The impact of media and information literacy on students' acquisition of the skills needed to detect fake news.
- Schmeichel, M., Hughes, H. E., & Kutner, M. (2018). Qualitative research on youths' social media use: A review of the literature. *Middle Grades Review*, 4(2)
- Shambaugh, D. (2015). China's soft-power push: The search for respect // *Foreign Affairs*, 94(4). – pp. 99-107
- Shynybekova, A. K., & Aisultanova, K. A. (2015). Кәсіби мақсаттарға арналған қазақ тілінің заң саласында қолданылуы // *Вестник КазНУ. Серия филологическая*, 155(3).
- Tao, G. (2019). Globalization of English: Loss of minority languages and cultural destruction // *In International Forum of teaching and studies. American Scholars Press, Inc., April 2019., vol. 15, №2*. – pp. 36-44
- Wahida, K., Uyun, H., & Wintoko, D. K. (2023). Efek Globalisasi Yang Dihadapi Masyarakat Kontemporer Terhadap Perekonomian // *Harmoni: Jurnal Ilmu Komunikasi Dan Sosial*, 1(1). – pp. 01-12
- Wang, Y. (2020). Humor and camera view on mobile short-form video apps influence user experience and technology-adoption intent, an example of TikTok (DouYin) // *Computers in human behavior*, 110 (10). – pp. 63-73
- Yessenbekova, U., Syzdykova, A., & Kutym, B. (2024). Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan // *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 7(3). – pp. 951-964.
- Алишариева, А., & Протасова, Е. (2014). Языковой выбор молодежи в современном Казахстане. Многоязычие и ошибки // *сб. статей под ред. Е. Протасовой. Berlin: Retorika*. – с.111-120
- Ауганбаева, М. С., Алкая, Е., & Мамаева, Г. Б. (2024). Жастар сленгтеріндегі англицизмдер // *Вестник университета Ясави*, 1(131). – с.188-202.
- Ахметжанова, З. К. (2010). Витальность казахского языка как проблема языкознания и языковой политики // *Вестник ПГУ, Серия филологическая*, №10. – с.43-51
- Бекмаханова, Н. (2022). Присоединение Центральной Азии к Российской империи в XVIII–XIX вв. *Litres*.
- Даулетова, А. Б. (2023). Жастар сленгі және сөйлеу мәдениеті. Ғылым, зерттеулер, білім беру, даму үрдістері // *XXIII халықаралық ғылыми-практик. конф. материалдары [Science, research, education: development trends: The materials of the XXIII international scientific and practical conf.] Наука, исследования, образование: тенденции развития: мат. XXIII междунар. науч.-практик. конф. (Уральск, 14 апреля 2023 г.) ЗКАТУ им. Жангир хана // Ғылым және білім [Science and education]. 2023. – № 2 (71).*
- Джилкишиева, М. С. (2012). Структурно-содержательная модель гражданско-патриотического воспитания студенческой молодежи Казахстана // *Сибирский педагогический журнал*, 7(3). – с.128-134
- Әбдіжаппар, А. Ә., Такенова, Ж. Е. (2021). Актуальные научные исследования в современном мире // *ОО «Институт социальной трансформации»*, 2021. – с.225-229
- Исмагулов, О., Исмагулова, А. О., & Еркибаев, О. У. (2019). Антропологическое развитие казахского народа и глубина его этноисторических истоков // *Известия Самарского научного центра Российской академии наук. Социальные, гуманитарные, медико-биологические науки*, 21(68). – с. 32-42
- Мустафина, Р. М. (1992). Представления, культы, обряды у казахов / *Алматы: Қазақ университеті*.
- Плотников, Д. С. (2016). «Мягкая сила» политики Китая, Турции, Ирана, России и США в Центральной Азии в сфере образования // *Arg Administrandi*, 5(1) – pp. 160-177
- Сарсембаев, М. А. (2015). Казахское ханство как суверенное государство средневековой эпохи / *Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан*.
- Сафонкина, Е. А. (2014). Турция как новый актер политики «мягкой силы» // *Вестник международных организаций: образование, наука, новая экономика*, 9(2). – pp. 145-166
- Торкунов, А. В. (2012). Образование как инструмент «мягкой силы» во внешней политике России // *Вестник МГИМО*, 7(4). – pp. 85-93
- Уәлиұлы Н., Фазылжанова А. Қоғамдық сананың түрлері және тіл бірегейлігі // *Известия НАН РК. Серия филологическая*, 2009. №4. – с.15-16.
- Шестопал, Е. Б., & Смутькина, Н. В. (2018). Факторы восприятия постсоветских стран в современном обществе // *Политические исследования*, 3(1). – pp. 26-44

## References

- Abdizhappar, A. A., Takenova, Zh. E. (2021). Aktual'nye nauchnye issledovaniya v sovremennom mire [Current scientific research in the modern world] // OO «Institut social'noj transformacii», 2021. – s.225-229
- Ahmetzhanova, Z. K. (2010). Vital'nost' kazhskogo yazyka kak problema yazykoznaniiya i yazykovoj politiki [Vitality of the Kazakh language as a problem of linguistics and language policy] // Vestnik PGU, Seriya filologicheskaya, №10. – s.43-51
- Aisultanova, K. A., Aljarova, L. M. (2015). Problemy terminoobrazovaniya v kazhskom yazyke [The problem of term formation in the Kazakh language] // Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya: tom 158 №6.
- Alisharieva, A., & Protasova, E. (2014). Yazykovoj vybor molodezhi v sovremennom Kazhstane. Mnogoyazychie i oshibki [Language choice of young people in modern Kazakhstan. Multilingualism and errors] // sb. statej pod red. E. Protasovoj. Berlin: Retorika. – c.111-120
- Al-Rfouh, F. O. (2017). Globalization, Social Media and the Arab Spring: 2010-2015. *JL Pol'y & Globalization*, 66. – p. 67
- Auganbaeva, M. S., Alkaya, E., & Mamaeva, G. B. (2024). Zhastar slengterindegi anglicizmder [Anglicisms in youth slang] // Vestnik universiteta Yasavi, 1(131). – s.188-202.
- Bekmahanova, N. (2022). Prisoedinenie Central'noj Azii k Rossijskoj imperii v XVIII–XIX vv. Litres.
- Borcuch, A., PiA, M., & Aswierczy A. U., (2012). The Influence of the Internet on globalization process. *Journal of Economics and Business Research*, 18(1). – pp.118-129.
- Chen, G., Chen, J., Deng, X. C. X., Deng, Y., Kurlantzick, J., Pang, Z., ... & Zhu, Z. (2009). *Soft power: China's emerging strategy in international politics* / Lexington Books.
- Dauletova, A. B. (2023). Zhastar slengi zhōne seǵleu mōdenieti. Fylym, zertteuler, bilim beru, damu yrdisteri [Youth slang and speech culture. Science, research, education, development trends] // The materials of the XXIII international scientific and practical conf. Nauka, issledovaniya, obrazovanie: tendencii razvitiya, (Ural'sk, 14 aprelya 2023 g.) ZKATU im. Zhangir hana // Science and education, 2023. – № 2 (71).
- Dzhilkishieva, M. S. (2012). Strukturno-soderzhatel'naya model' grazhdansko-patrioticheskogo vospitaniya studencheskoj molodezhi Kazhstana [Structural and content model of civic-patriotic education of student youth in Kazakhstan] // Sibirskij pedagogicheskij zhurnal, 7(3). – c.128-134
- Evdokimov A.E., Davydova T.A., Savkin D.A. (2020). Russian language in Central Asia: current status and prospects // *Post-Soviet Issues*, 2020, 7(3). – pp. 373-388 (In Russ.) <https://doi.org/10.24975/2313-8920-2020-7-3-373-388>
- Grix, J., & Houlihan, B. (2014). Sports mega-events as part of a nation's soft power strategy: The cases of Germany (2006) and the UK (2012) // *The British journal of politics and international relations*, 16(4). – pp. 572-596
- Haddock, A., Ward, N., Yu, R., & O'Dea, N. (2022). Positive effects of digital technology use by adolescents: A scoping review of the literature. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 19(21). – pp. 140-159
- Ismagulov, O., Ismagulova, A. O., & Erkibaev, O. U. (2019). Antropologicheskoe razvitie kazhskogo naroda i glubina ego etnoistoricheskikh istoko [Anthropological development of the Kazakh people and the depth of its ethnohistorical origins] // *Izvestiya Samarskogo nauchnogo centra Rossijskoj akademii nauk. Social'nye, gumanitarnye, mediko-biologicheskije nauki*, 21(68). – c. 32-42
- Iwabuchi, K. (2015). Pop-culture diplomacy in Japan: Soft power, nation branding and the question of 'international cultural exchange' // *International Journal of Cultural Policy*, 21(4). – pp. 419-432
- Lee, G. (2009). A theory of soft power and Korea's soft power strategy // *The Korean Journal of Defense Analysis*, 21(2). – pp. 205-218
- Mustafina, R. M. (1992). Predstavleniya, kul'ty, obryady u kazhovah [Performances, cults, rituals among the Kazakhs] / Almaty: Kazah universiteti.
- Mutavi, D. (2023). Impacts of globalization on culture / Authorea Preprints.
- Nakano, R., & Zhu, Y. (2020). Heritage as soft power: Japan and China in international politics // *International Journal of Cultural Policy*, 26(7). – pp. 869-881
- Nisar, H., & Khanum, M. (2021). Increasing role of new social media networking in the development of globalization and changing global patterns // *Pakistan Journal of International Affairs*, 4(2). – pp. 45-53
- Nisbett, M. (2016). Who holds the power in soft power? // *Arts & International Affairs*, 1(1). – pp. 110-148
- Nye, J. S. (1990). Soft power // *Foreign policy*, (80). – pp. 153-171
- Olko J. et al. (2016). *Integral strategies for language revitalization* / Warsaw Press.
- Pamment, J. (2016). *British public diplomacy and soft power* // Basingstoke: Palgrave Macmillan. – pp. 211-213
- Plotnikov, D. S. (2016). «Myagkaya sila» politiki Kitaya, Turcii, Irana, Rossii i SShA v Central'noj Azii v sfere obrazovaniya [“Soft power” of the policies of China, Turkey, Iran, Russia and the United States in Central Asia in the field of education] // *Ars Administrandi*, 5(1) – pp. 160-177
- Quitow, R., & Thielges, S. (2022). The German energy transition as soft power // *Review of International Political Economy*, 29(2). – pp. 598-623
- Rakhymbayeva, L. (2022). Language choice and language ideologies among Kazakhstani students: The status of Kazakh in the context of multilingual education // Master's thesis, Nazarbayev University Graduate School of Education.
- Reem, M. (2022). The impact of media and information literacy on students' acquisition of the skills needed to detect fake news.
- Safonkina, E. A. (2014). Turciya kak novyj aktor politiki «myagkoj sily» [Turkey as a new actor in “soft power” policy] // *Vestnik mezhdunarodnyh organizacij: obrazovanie, nauka, novaya ekonomika*, 9(2). – pp. 145-166

- Sarsembaev, M. A. (2015). Kazahskoe hanstvo kak suverennoe gosudarstvo srednevekovoj epohi [Kazakh Khanate as a sovereign state of the medieval era] /Astana: GU «Institut zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan.
- Schmeichel, M., Hughes, H. E., & Kutner, M. (2018). Qualitative research on youths' social media use: A review of the literature. *Middle Grades Review*, 4(2)
- Shambaugh, D. (2015). China's soft-power push: The search for respect // *Foreign Affairs*, 94(4). – pp. 99-107
- Shestopal, E. B., & Smul'kina, N. V. (2018). Faktory vospriyatiya postsovetskih stran v sovremennom obshchestve [Factors of perception of post-Soviet countries in modern society] // *Polis. Politicheskie issledovaniya*, 3(1). – pp. 26-44
- Shynybekova, A. K., & Aisultanova, K. A. (2015). Kәsibi мақсаттарға арналған қазақ тілінің заң саласында қолданылуы [Use of the Kazakh language in the field of law for professional purposes] // *Vestnik KazNU. Seriya filologicheskaya*, 155(3).
- Tao, G. (2019). Globalization of English: Loss of minority languages and cultural destruction // In *International Forum of teaching and studies*. American Scholars Press, Inc., April 2019., vol. 15, №2. – pp. 36-44
- Torkunov, A. V. (2012). Obrazovanie kak instrument «myagkoj sily» vo vneshnej politike Rossii [Education as a tool of “soft power” in Russian foreign policy] // *Vestnik MGIMO*, 7(4). – pp. 85-93
- Ualiuly N., Fazylzhanova A. Қорамдық сананың түрлері және тіл бірегейлігі [Types of public consciousness and language uniqueness] // *Izvestiya NAN RK. Seriya filologicheskaya*, 2009. №4. – s.15-16.
- Wahida, K., Uyun, H., & Wintoko, D. K. (2023). Efek Globalisasi Yang Dihadapi Masyarakat Kontemporer Terhadap Perekonomian // *Harmoni: Jurnal Ilmu Komunikasi Dan Sosial*, 1(1). – pp. 01-12
- Wang, Y. (2020). Humor and camera view on mobile short-form video apps influence user experience and technology-adoption intent, an example of TikTok (DouYin) // *Computers in human behavior*, 110 (10). – pp. 63-73
- Yessenbekova, U., Syzdykova, A., & Kutym, B. (2024). Demand for TV content in a national language: The case of Kazakhstan // *International Journal of Innovative Research and Scientific Studies*, 7(3). – pp. 951-964.

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Есенбекова Ұлбосын Мейірбекқызы (корреспондентті автор) – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан, Астана, электр. пошта: ultmudde@mail.ru);*

*Сыздықова Аида Аманқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Қазақстан, Астана*

**Information about authors:**

*Yessenbekova Ulbossyn M. (corresponding author) – candidate of philological Sciences, Associate Professor, Acting Professor of the Department of TV, Radio and Public Relations of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov (Kazakhstan, Astana, e-mail: ultmudde@mail.ru).*

*Syzdykova Aida A. – doctoral student of the Faculty of Journalism and political science of the L.N.Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan, Astana, e-mail: aidaamanqyzy@gmail.com).*

*Келін түсті: 3 маусым 2024 жыл  
Қабылданды: 5 тамыз 2024 жыл*